

Түркістан қаласының аумағында барлық кандидаттар үшін үгіттік баспа материалдарын орналастыру үшін орындар белгілеу туралы

Түркістан облысы Түркістан қаласы әкімдігінің 2019 жылғы 8 мамырдағы № 532 қаулысы. Түркістан облысының Әділет департаментінде 2019 жылғы 8 мамырда № 5043 болып тіркелді

Ескерту. Қаулының тақырыбы жаңа редакцияда - Түркістан облысы Түркістан қаласы әкімдігінің 14.02.2023 № 41 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

Қазақстан Республикасының "Қазақстан Республикасындағы сайлау туралы" Конституциялық заңының 28-бабының 6-тармағына сәйкес, Түркістан қаласының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

Ескерту. Кіріспе жаңа редакцияда - Түркістан облысы Түркістан қаласы әкімдігінің 14.02.2023 № 41 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

1. Түркістан қаласының аумағында барлық кандидаттар үшін үгіттік баспа материалдарын орналастыру үшін орындар осы қаулының қосымшасына сәйкес белгіленсін.

Ескерту. 1-тармақ жаңа редакцияда - Түркістан облысы Түркістан қаласы әкімдігінің 14.02.2023 № 41 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

2. Алып тасталды - Түркістан облысы Түркістан қаласы әкімдігінің 14.02.2023 № 41 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

3. Түркістан қаласы әкімдігінің 2011 жылғы 24 ақпандағы № 41 "Сайлау өткізу кезеңінде кандидаттардың үгіттік баспа материалдарын орналастыратын орындарды және сайлаушылармен кездесу өткізу үшін үй-жайларды белгілеу туралы" (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 14-4-93 тіркелген, 2011 жылы 11 наурызда "Түркістан" газетінде жарияланған) қаулысының күші жойылды деп танылсын.

4. Осы қаулының орындалуын бақылау қала әкімі аппаратының жетекшісі Қ.Мылтықбековке жүктелсін.

5. Осы қаулы алғашқы ресми жарияланған күннен бастап қолданысқа енгізіледі.

Қала әкімі

Ә. Өсербаев

"КЕЛІСІЛДІ"

Түркістан қалалық

сайлау комиссияның төрағасы:

С.Арысбеков
"4" мамыр 2019 жыл.

Түркістан қаласы әкімдігінің
2019 жылғы 08 мамырдағы
№ 532 қаулысына 1 қосымша

Түркістан қаласының аумағында барлық кандидаттар үшін үгіттік баспа материалдарын орналастыру орындары

Ескерту. 1-қосымша жаңа редакцияда - Түркістан облысы Түркістан қаласы әкімдігінің 14.02.2023 № 41 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

№	Үгіттік баспа материалдарын орналастыру орындары
1	Қазыбек би көшесі, "Қазақстан Республикасы қорғаныс министрлігі" Түркістан қалалық қорғаныс істері жөніндегі басқармасы ғимаратының оң жағында
2	Мұхаметжан Тыныштықұлов көшесі, Яссы базарына карама-қарсы
3	Түркістан айналма тас жолы, Түркістан облысы қоғамдық денсаулық басқармасының "Түркістан қалалық емханасы" ғимаратына карама-қарсы
4	Бекзат Саттарханов даңғылы, "Шайхислам" жастар орталығының оң жағында
5	Бекзат Саттарханов даңғылы, "Дастархан" сауда үйінің сол жағында
6	Қазыбек би көшесі, "Астана" мейрамханасының оң жағында
7	Тәуке хан даңғылы № 245 үй, Түркістан облыстық мамандандырылған соттары ғимаратының оң жағында
8	Тәуке хан даңғылы, "Мерей" автобекетінің сол жағында
9	Ораз Жандосов көшесі, "МИГ" жанар-жағар май бекетінің сол жағында
10	Әуежай тас жолының бойында оң және сол жағында

Түркістан қаласы әкімдігінің
2019 жылғы 8 мамырдағы
№ 532 қаулысының
2 қосымшасы

Кандидаттарға сайлаушылармен кездесуі үшін шарттық негізде берілетін үй-жайлар тізімі

Ескерту. 2-қосымша алып тасталды - Түркістан облысы Түркістан қаласы әкімдігінің 14.02.2023 № 41 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМҚ